

ТУУЫ

ЕТИНІң, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІң ГАЗЕТІ

евраль Жұма

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Халықтың әл-ауқаты жөніндегі сталиндік қамқорлық совет адамдарын еңбекте жаңа ерлік істерге, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мызғымас қамалы—сүйікті Отанымыздың қуатын онан әрі нығайту күресіне жігерлендіреді.

қат

Көктемгі дала жұмыстары мезгілінде және жоғары сапалы өткізілсін

Қазақ ССР Министрлер Советіндегі кеңес

лықтың денсау-
назар аударады.

ар, әйелдер боса-
лер және басқа
ен бірге, сана-
үйлерің сәтін
зиді, дәрі-дәр-
ұралдарын және
ру өсті. Өткен
лионнан астам
дер пионер ла-
санаторийлерінде,
базаларда дем

ің материалдық
ық табыстың ар-
ын рипатталады.
лықта ССРО-
огысқа дейінгі
ығанда, салыс-
та, 64 процент
Одағының ұлт-
рымен салыстыр-
ығамен алғанда,

ұлттық табыс
былады. Өткен
төрттен үш бө-
ілері өздерің

Республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарында быйыл көктемнің ерте келетін түрі бар. Осыған байланысты Министрлер Советінде ауыл шаруашылығы, совхоздар, мақта шаруашылығы және су шаруашылығы Министрліктерінің мамандары мен В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауылшаруашылық Ғылым Академиясының Қазақ филиалы ғылыми қызметкерлерінің кең кеңесі болып өтті. Кеңес көктем ерте келген жағдайда дала жұмыстарын қайткен күнде жақсы ұйымдастырып, өткізуге және барлық ауылшаруашылық дақылдарына мол өнім алынуын қамтамасыз етуге болады деген мәселені жан-жақты талқылады. Кеңеске қатысушылар колхоздар мен совхоздардың көп жылғы тәжірибесіне және ғылыми-зерттеу мекемелерінің мәліметтеріне сүйене отырып, быйылғы көктемнің жағдайында дала жұмыстарын, дәнді дақылдарды, көпжылдық екпе шөптерді және бірқатар техникалық дақылдарды, егуді ерте және қысқа мерзімде өткізудің 1952 жылғы егіннен мол өнім алу күресінде шешуші маңызы бар екендігін атап көрсетті.

суын барынша толық пайдалану жөніндегі жұмыстар дереу басталуға тиіс, өйткені колхоздар мен совхоздардың өсіп отырған қоғамдық мал шаруашылығына берік жемшөп қорын жасау үшін мұның үлкен маңызы бар.

Жергілікті және минеральды тыңайтқыштарды толық пайдалану ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу ісінде өте маңызды шара болып табылады. Жергілікті және минеральды тыңайтқыштарды жыйнау және егістік жерге тасу жоспарын орындау — колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің және ауылшаруашылық органдарының шұғыл ісі.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибе мекемелері тыңайтқыштарды түйіршектеу және ұғу жолымен оларды тиімді қолдану мәселесін зерттеп шешті. Тыңайтқыштарды түйіршіктелген түрінде, ал, жергілікті тыңайтқыштарды үгінді түрінде кеңінен қолдану колхоз бен совхоз егін даласының шығымдылығын арттырудың маңызды бір негізі болып табылады.

Ауыл шаруашылығы органдарының, колхоз және МТС басшыларының өте ма-

ды, дәнді дақылдарды егуден бұрын егін-генде ғана жақсы өсіп, мол өнім беретіндігін ғылым мен практика дәлелдеді. Солай бола тұра да, көп аудандарда агротехниканың талаптары орындалмай келеді, көпжылдық шөптер дәнді дақылдармен бір мезгілде көп кешігіп егіледі, ал, бірсыпыра жағдайларда тіпті дәнді дақылдар егісі аяқталғаннан кейін егіледі, мұның өзі тұқымдар мен шөптің өнімі кемуіне апарып соғады. Бұл жарамсыз практиканы батыл жою керек.

Көпжылдық шөптерді мейлінше қысқа мерзімде, ерте егу керек, әрбір колхоз бен совхоз оның егісін дәнді дақылдардың егісінен бұрын аяқтауы керек, сөйтіп, 1952 жылы тұқымдар мен шөптерден мол өнім алудың негізін салу керек.

Жаздық бидай, арпа, ерте пісетін овощ дақылдарын егуді кешіктіруге болмайды. Оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарда бұл дақылдардың шығымдылығы егіс жұмыстары өте аз кешіктірілсе де орасан төмендеп кететіндігін есте ұстау керек.

Қары еріп болған барлық аудандарда

сыз егіс ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың алдына 1952 жылы бүкіл егіс кезеңінде барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуды басты міндет етіп қойғандығын атап көрсетті.

Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін ереректі мүмкіндіктердің бәрі де бар. Мемлекет республиканың колхоздарына, МТС-тері мен совхоздарына зор материалдық-техникалық көмек көрсетіп отыр. Әңгіме, қазір осы көмекке сүйене отырып, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың барлық күштері мен құралдарын барынша толық пайдалануда, қолда бар резервтердің бәрін іске қосуда, сөйтіп, көктемге үлгілі әзірденіп, ең қысқа агротехникалық мерзімде өткізуде, әрбір колхоз бен совхоздың әрбір дақыл бөлігінше егіс жоспарын орындауын қамтамасыз етуге болып отыр.

Егіс жұмыстарының сапасын арттыруға, егіншіліктің мәдениетін көтеруге, ғылым мен озат тәжірибенің табыстарын ауылшаруашылық өндірісінде кеңінен қолдануға айырықша көңіл бөлінуге тиіс.

мұндай табыстарды ең барын тұрған «демократияшыл» деген буржуазиялық елдердің өзінде жұмысшылар мен шаруалар түсінде де көре алмайды».

Партия мен үкметтің халықтың әлауқаты жөніндегі үздіксіз қамқорлығы көпшілік қолды товарлар өндірудің ұлғайтылуынан айқын көрініп отыр. Соғыстан кейінгі бесжылдықтың қорытындысында халық үшін товар шығару соғысқа дейінгі мөлшерден едәуір асып түсті. Өткен жылы үкмет Сталин жолдастың инициативасы бойынша жылдық жоспарда қарастырылғаннан тыс өнеркәсіп және азық-түлік товарларын өндіруді ұлғайту шараларын қолданды. Мұның нәтижесінде халық 1950 жылғыдан товарды едәуір көп алды. Хабардан 1950 жылы қарағанда, халыққа 1951 жылы еттің, майдың, қанттың, матаның, былғары аяқкиімдердің, мебельдің, радиоприемниктердің, велосипедтердің, басқа товарлардың көп сатылғаны көрінеді.

Партия мен үкмет көпшілік тұтынатын товарлардың бағасын үздіксіз арзандату саясатын жүзеге асыруда. 1951 жылдың 1 мартынан бастап жүзеге асырылған жаңа —карточка системасы жиылынғаннан кейінгі сан жағынан төртінші —өнеркәсіп және азық-түлік товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағасын арзандату совет сомының одан сайын нығайуына, оның сатып алу қабілетінің өсуіне және халыққа товар сатудың одан әрі ұлғайуына жеткізді.

Елімізде тұрғын үй құрылысы кеңінен өріс алды. Соғыстан кейінгі бесжылдықта қалаларда және жұмысшы поселкелерінде жалпы көлемі 100 миллион шаршы метрден артық, ал селолық жерлерде —2 миллион 700 мың тұрғын үйлер қалшына келтірілді және жаңадан салынды. Тұрғын үй құрылысының қарқыны үздіксіз өсуде. Өткен жылы мемлекеттік мекемелер, кәсіп орындары және жергілікті Советтер, сол сияқты, калалар мен жұмысшы поселкелерінің халқы мемлекет қарызының көмегімен жалпы көлемі 27 миллион шаршы метр тұрғын үйлер салды.

отырып, кем дегенде екі аптара демалыс алды, ал бірқатар мамандықтың қызметкерлері анағұрлым ұзағырақ демалыс алды.

Көпшілік тұтынатын товарлардың бағасын арзандатудың, жұмысшылар мен қызметкерлердің ақшалай еңбенақысы өсуінің, шаруалардың ақшадай және заттай табыстары кебеюінің және мемлекет есебінен халыққа берілетін төлемдер мен жеңілдіктердің өсуінің нәтижесінде —жұмысшылар мен қызметкерлердің табысы және шаруалардың табысы 1951 жылы салыстырмалы бағаммен алғанда, 1950 жылғымен салыстырғанда, 10 процент өсті.

Совет Одағының бейбіт құрылыстағы аса көрнекті жетістіктері, елдің экономикасының, халықтың мәдениеті мен әл-ауқатының одан әрі өрлеуі біздің социалистік құрылыстың капиталистік құрылыстан артықшылықтарын бүкіл әлем алдында жаңадан айқындап дәлелдейді. Капиталистік елдерде жанталаса қарулану жүргізілуде, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесі қауырт төмендеуде, бұқараның жұмыссыздығы мен қайыршылығы өсуде.

Елімізде экономика бейбіт құрылыс мақсаттарына бағындырылған, халықтың әл-ауқаты үздіксіз өсе береді. Совет Одағының еңбекшілері неғұрлым жақсы жұмыс істесе, солғұрлым еңбек өнімділігі жоғары болатынын, солғұрлым олардың тұрмысы ауқатты әрі мәдениетті болатынын біледі. Халықтың әл-ауқаты жөніндегі сталиндік қамқорлық совет адамдарын еңбекте жаңа ерлік істерге, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мығрымас қамалы —сүйікті Отанымыздың қуатын одан әрі нығайту күресіне жігерлендіреді.

Большевиктік партияның басшылығымен, Сталин жолдастың жетекшілігі арқасында, совет халқы коммунизмнің жеңісі үшін орасан зор өртеумен жемісті жұмыс істеуде.

(«Правданың» 29 январьдағы басмақаласынан).

тау, қар суын тектату, тәулік сайын ылғалдау үшін суару жұмыстары барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыруға өте маңызды шара болып табылады.

Барлық колхоздар мен совхоздарда жайып суару, шабындықтар мен мал жайылымын суландыру, барлық қар

жер жырту жұмысы бойынша тұрғын плуттермен ғапа керекті тереңдікке жүргізуге тиіс. Жерді жаздық дақылдарға, өсресе, мақтаға, қант қызылшасына және басқа техникалық дақылдарға арнап жыртқанда міндетті түрде тыңайтқыштар енгізіп отыру керек.

Көпжылдық шөптер ең қысқа мерзім-

ді. Кеңестің қол Министрлер Советінің жолдас жұмысшылардың ер берген кеңесте жолдас Қазақ

Колхоздардағы жылдық есеп беру және ес Колхоз басқармасының жұмысы ж

Бұрнағы күні Петропавл ауданы, «Красный пахарь» ауылшаруашылық артели мүшелерінің жылдық есеп беру жыйналысы болып, артель мүшелері колхоз басқармасының 1951 жылғы шаруашылық қызметі туралы басқарма председателі А. Попов жолдастың баяндамасын талқылады.

Колхоз мүшелері БК(б)П Орталық Комитеті февраль пленумының «Соғыстан кейінгі дәуірде ауыл шаруашылығын одан әрі өркендету шаралары туралы» және үкметіміз бен партиямыздың колхоздар мен совхоздардың қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетудің ұш-жылдық жоспары туралы қаулыларын орындай отырып, — деді Попов жолдас, —едәуір табыстарға жетті. Бізде жазғы дәнді дақылдар себу жоспары 4 процент артық орындалды. Колхозымыз мемлекетке астық таныру жоспарын 130 процент орындап, елімізге астықты едәуір көп берді. Колхоздың өріс көлемі бұрынғыдан ұлғайды. Сондай-ақ, бөлінбейтін қордың өсуі 4,2 процентке жетті.

Баяндамалы бұдан кейін колхоздың шаруашылық жұмысындағы орын алып келген кемшіліктерге тоқталды. Еналдымен, мұнда омыс-бақша дақылдарын, сол сияқты, картоп егу жоспары орындалған жоқ. Егіс өнімі жоспардағыдан әрбір гектар сайын 2,1 центнер, ал, өткен жылдағыдан 0,3 центнері кем болды.

Осы сияқты, колхозда қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жоспарының орындалуы да қанағаттанғысыз. Мұның үстіне, едәуір мал шығынға ұшырады. Сонымен бірге, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жөніндегі жоспардың орындалуы да мардымды емес. Колхозда тиісті еңбеккүн минимумын таппаған 19 колхозшы бар. Кіріс-шығыс сметасының орындалмай қалуы салдарынан, көзір колхоз мемлекетке 200 мың сомдай берешек болып отыр.

Колхоз басқармасының есепті баяндамасынан кейін тексеру комиссиясының председателі Нельде жолдас баяндама жаңа салы. Оның баяндамасынан колхозда еңбек өнімділігін арттыру, еңбеккүнді дұрыс жұмсау, колхозшылардың қоғамдық еңбекке деген ынтасын арттыру жөніндегі жұмыстардың қанағаттанғысыз болғандығы көрінді.

Колхоз басқармасы мен тексеру комиссиясының есепті баяндамаларынан кейін жарыссөзге шығып сөйлеген колхозшылардың барлығы дерлік колхоз басқармасын шаруашылыққа үстүрт басшылық жасағандығы, колхоз өндірісінің мәселелерін егжей-тегжейіне дейін талдап отырмандығы, ауылшаруашылық артелині ұйымдық-шаруашылық жағынан одан әрі өркендету жөнінде колхозшылар алдында перспективалы мәселелер көтермегені үшін қатты әрі әділ сыналды.

—Колхоздың Овсянкин жол Гине,—өз дәрі колхозшыларды уашылыққа ұшылық жасап сасқан шартты ұйымдастыруды Осының салдан, әресе, в алынды. Бұдан колхоз күні бұттын орынның на, көзір өі тұқымын сақ тоқталды.

Колхоз басқармасы басқа салалар шаруашылығын арттыру, фермашылармен тоқтандыру мәселелерін қарастыру және жоспары есебінің дұрыс болды. Көзір өзін сөзінде ты.

Дынер жол фермасын басқарушылардан жо на, 1600 ли

Насихатшыларға көмек

Антиалистік қоғам құрылысын аяқтау және үзеге асыру жолындағы күресте сабақтарды қалай өткізу керек

Алайда, іс шпакыншы-ашу сая-зілік соғыс-отыр. Ара-пшылардың; улеріче бе-нияның Кы-суына, оған қарсы со-дуга, айты-қ істерге қарсы со-дуга, со-ғыс соғыс-туына бо-ы үн-түнеіз сіретіп, дн-бден әлсіре-хнаға шы-десін көзде-лсірегендер-суга ұмтыл-өндітін іс і емес пе!» басталуына нанс көме-р өнеркәсіп уақыттың ерген АҚШ етуі керек. Ені түсіндір-лж жағдай-ц. фашист-істік Жапо-үзілік со-ла Штатта-

Елімізде халық ағарту ісінің өрістеуі, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің гүлденуі жөніндегі материалды түсіндіргенде насихатшы мұның бәрі еліміздегі мәдениет революциясы екенін айтады. Өңіріссін аяқтағаннан кейін насихатшы тыңдаушыларға үйге талсырма береді: «Қысқаша күрестің» XII тарауының бірінші және екінші бөлімдерін оқып конспектті жасау, И. В. Сталин жолдас-тың Қызыл Армия академияларын біті-ріп шыққандардың мәжлісінде сөйлеген сөзін, стахановшылардың бүкілодақтық бірінші кеңесінде сөйлеген сөзін, «Носиф Виссарионович Сталин. Қысқаша өмір-баяны» деген кітаптың онышы бөлімін оқуды ұсыну керек. Екінші сабақ XII -тараудың бірінші және екінші бөлімдері бойынша өткен сабақтың материалдарын қайталаудан басталады. Бұл үшін тыңдаушылардың талқылауына мынандай мәселелерді қой-ған жөн: 1. 1935—1937 жылдардағы халықаралық жағдай: а) капиталистік елдердегі экономикалық жаңа дағдарыс және империалистік қайшылықтардың шиеленісуі; б) фашистік мемлекеттердің агрессиясы және бұл агрессияны өршіту жөніндегі ағылшын -американ, француз империалистерінің көмегі, соғыстың жа-на ошақтары; в) ССРО-ның бейбітшілік үшін күресі, империалистердің және оларды қостаушылардың агрессиясын әлсіретуі. 2. ССРО-ның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының өрлей беруі. Екінші бесжылдықтың мерзімінен бұрын орындалуы. 3. Жаңа техника негізінде

бөлімі бойынша өткен сабақты қайталау-дан басталады. Өткен сабақтың мате-риалдарын пысықтағаннан кейін насихатшы жаңа сабақты тараудың төртінші бөлімі бойынша бастайды. Жаңа сабақты мынандай мәселелерге көңіл бөлген жөн: 1. Бухариншіл -троцкийшіл бандалардың қалдықтарын жою, 2. Партияның өз ішінде кең өрістеген демократияға ба-ғыт алуы. 3. ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік және оны өткізу. Бұл бөлім бойынша сабақты әзірлен-генде насихатшы оқу құралынан басқа Сталин жолдасын 1937 жылы БК(б)П Орталық Комитетінің февраль-март пленумында «Партия жұмысының кемшілік-тері, троцкийшілдерді және басқа екі жүзділерді жою жөніндегі шаралар ту-ралы» баяндамасын пайдалануы керек. Осы материалдар негізінде насихатшы Ленин-Сталин партиясының басшылығымен совет халқы ақгвардияшылардың қалдықтарын қалай талқандағандығын көрсетеді. Бұл шиендар мен қанішерлер-дің әрекеті жөніндегі сот процесі, деп көрсетеді насихатшы, троцкийшілдер мен бухариншілдер ертеден халықтың жау-лары болғанын, олар Октябрь револю-циясының алғашқы күндерінен бастап -ақ Ленинге қарсы, партияға қарсы, совет мемлекетіне қарсы заговорда бол-ғанын ашып көрсетеді. Мұнан кейін насихатшы ССРО Жоғар-ғы Советінің сайлауына әзірлік туралы айтады, жаңа конституцияның қабылда-нуы еліміздің саяси өмірінде үлкен бұ-рылыс болғанын көрсетеді. «Бұл бұрылысты толық қампанын

Москва маршал Чойбалсанды ақырғы сапарға шығарып салды

Еліміздің еңбекшілері монғол халқы-мен бірге монғол халқының даңқты кө-семі, Монғол Халық-демократиялық мемле-кетінің қажымас орнатушысы. Совет Одағының шын досы маршал Чойбалсан-ның қайтыс болуын қатты қайғырлы. Одақтар үйінің Колонналы залына қой-ылған маршал Чойбалсанның табыты алдынан совет астанасының жүз мыңнан аса азаматы — жұмысшылары, кәсіп-орындарының инженер -техник қызмет-керлері, министрліктердің қызметкерлері, ғылым, әдебиет және искусство қайрат-керлері, студенттер, оқу орындарының оқытушылары, Совет Армиясы мен Со-ғыс-Теңіз Флотының жауынгерлері өтті. Совет Одағының халықтары маршал Чойбалсанды жақсы білді және сүйді. Чойбалсан жолдас өзінің барлық өмірін халық революциясының жолына, өз елі-нің өркендеуі ісіне, еңбекшілердің бақы-ты үшін күреске, бейбітшілік, демокра-тия және социализм үшін күрес жолына арнады. Ол совет халқының шын досы болды. Бұл достық совет халқының неміс -фашист басқыншыларына қарсы Ұлы Отан соғысы күндерінде өте-мөте айқын және күшті көрінді. Чойбалсан жолдасымен қоштасудың ақырғы сағаттарында Колонналы залға келетін жаңа гүлдер әкелінді. Олардың ішінде совет әйелдерінің антифашистік комитетінен, ССР Одағы Соғыс-Теңіз ми-нистрлігінен, жол қатынас министрлігі-нің коллегиясынан, әдебиет және некүст-етво саласындағы сталиндік сыйлықтар комитетінен, Москваның Мемлекеттік Уни-верситетінен, БКЖО Москва комитеті мен Москва қалалық комитетінен, Сталин атындағы автомобиль заводы коллективі-нен, совет жазушыларынан және басқа-лардан әкелінген гүлдер бар. ...29 январь, таңертеңгі сағат 7. Зал ішінде азалы күйлердің даусы естіледі. Мұнда министрлер, ССРО Жоғарғы Советі

Азалы марш ойналған жағдайда про-цессия арнаулы поезға қарай жүріп ба-рады. Процессияның алдында гүл көтер-ген адамдар келе жатыр. Табыт соңынан маржұмның туысқандары, Монғол Халық Республикасы премьер-министрінің орын-басары Шарап, Монғол Халық Республи-касының елшісі Идамжаб, Монғол Халық Республикасы елшілігінің мүшелері, ССРО үкметінің мүшелері, министрлер, ССРО Жоғарғы Советі мен РСФСР Жо-ғарғы Советінің депутаттары келе жат-ты. Монғол халқының даңқты көсемі және Совет Одағының шын досын ақырғы сапарға шығарып салуға ССР Одағы Министрлер Советі Председателінің Орын-басары Н. А. Булганин, ССР Одағы Ми-нистрлер Советі Председателінің Орынба-сары В. А. Малышев, ССРО Сыртқы Істер Министрі А. Я. Вышинский, ССРО Соғыс Министрі, Совет Одағының мар-шалы А. Василевский, Жол қатынас Министрі В. П. Бещев, ССРО Сыртқы Сауда Министрі П. И. Кумыжин, ССРО ылысаулық сақтау Министрінің орынба-сары А. Н. Шабанов, Совет Одағының маршалдары В. Д. Соколовский, Л. А. Говоров, генерал -полковник П. А. Ар-темьев, генерал -полковник Ф. Ф. Куа-нецов, Москва қаласындағы бірқатар ел-шіліктер мен миссиялықтардың басшы-лары мен қызметкерлері келді. Маршал Чойбалсанның денесі салынған табыт вагонға кіргізілді. Табыт орналақан са-тыға БК(б)П Орталық Комитетінен, ССРО Жоғарғы Советі Президумынан, ССРО Министрлер Советінен гүлдер қой-ылды. Қоштасудың ақырғы минуттары. Таң-ертеңгі сағат 8. Қаралы поезд алыс са-парға баяу қозғала бастады. Шығарып салушылардың жүзі қайғылы. Совет Одағының халықтары монғол халқының даңқты көсемі, біздің Ұлы

тәуірлік өзге О. Стахановтың қозғалысы және оның шығу сәбептері.

Бұл мәселелер бойынша әңгімеге әзірленгенде насихатшы «Қысқаша еуретің» XII-тарауының бірінші және екінші бөлімдерінің материалдарын, Сталин жолдастың партияның XVII съезінде жасаған баяндамасын пайдалануы қажет. Бұл кездегі халықаралық жағдайды сипаттағанда насихатшы капиталистік дүниенің экономикалық жағдайын ерекше ашып көрсетуге тиіс. Капиталистік елдер 1929—1933 жылдардағы дағдарыс күйзеушілігінен шыға алмай жатып, 1937 жылдың екінші жартысында экономикалық жаңа дағдарысқа кез болды. Бұл империалистік елдер арасындағы қайшылықтарды асқындырды, Германия, Жапония және оларға қосылған Италия «антикоммунистік одаққа» бірігіп агрессияны күшейтті.

Насихатшы жаңа соғыс өртің тұтатушы агрессияның мемлекеттердің одағы—Германия, Италия, Жапония екенін айта келіп, АҚШ-тың, Англияның және Францияның билей-төстеуші топтары жүргізген «араласпау» саясатының империалистік сипаттары саясат екенін ашып көрсетугі керек.

АҚШ, Англия және Франция билей-төстеушілері коллективтік хауіпсіздік саясатынан бастартып, «араласпау» позициясына көшумен фашистік агрессияны мақалтады, герман агрессиясын шығысқа, Совет Одағына қарсы өлтеді. «Араласпау» саясатының авантюристік мәнін толық түсіндіру үшін Сталин жолдастың партияның XVIII съезіндегі баяндамасына мынадай сөздерін келтірген дұрыс.

«Ресми жағынан қарағанда, араласпау саясатының сыйқы мынадай деуге болар еді: «Әрбір ел шапқыншылардан қалай қорғанса, олай қорғансын, онда біздің жұмысымыз жоқ, біз шапқыншылармен де, олардың шабуылына ұшыраған елдер-

өрістеген стахановтың қозғалысы кадрлардың өсуінің, олардың жаңа техниканы жете игеруінің, еңбек өнімділігін арттырудың айқын үлгісі болып табылатынын айтады. Донбаста туған стахановтың қозғалысы халық шаруашылығының барлық салаларын қамтып, бүгін елімізге тез тарады.

Стахановтың қозғалыстың алып қарқынмен өрлеуі елімізде еңбекшілер бұқарасының еңбек өнімділігінің жоғарғы сатысына жетуі үшін толық мүмкіншіліктер бар екенін көрсетеді. Тыңдаушыларға стахановтың қозғалыстың аз уақыттың ішінде бүкіл елге жайылу сәбептерін, стахановтың қозғалыстың тамырларын, оның коммунизм құрылысы үшін тарихи маңызын толық баяндап береді.

Бұл мәселелердің барлығына Сталин жолдас стахановшылардың бүкілодақтық бірінші кеңесінде сөйлеген тарихи сөзінде толық жауап берді. Сондықтан, стахановтың қозғалысы жөнінде айтқанда насихатшы Сталин жолдастың стахановшылардың бүкілодақтық бірінші кеңесінде сөйлеген сөзіне баса көңіл аударуы қажет.

Насихатшы әңгімесінде стахановтың қозғалыстың соғыстан кейінгі дәуірде, қазір, бұрынғыдан да кең өріс алғанын айтып, оны өз колхозы мен кәсіпорнының өмірімен байланыстырып, нақтылы пайсалдар келтіріп түсіндіруі қажет. Еңбекшілердің мәдениет және тұрмыс дәрежесінің онан әрі өскенін айтқанда, еңбекшілердің мәдениет және тұрмыс дәрежесін үздіксіз көтеру шаруашылықтың социалистік системасының бұлжымас заңы екеніне толық тоқталады.

Әңгімеде деревняда колхоз құрылысының түпкілікті шығайғанын, екінші колхозшылардың бүкілодақтық екінші съезінде колхоз өмірінің негізгі заңы — ауылшаруашылық артелі Уставының қабылдануын, оның маңызын толық баяндау керек.

Сталиндік Конституцияның негізгі принциптері мен өзгешеліктерін толық түсіндіре келіп, насихатшы оның ұлы артықшылығын буржуазиялық конституцияға қарсы қойып көрсетеді. Жаңа Конституцияны Сталин жолдастың «ССР Одағы Конституциясының жобасы туралы» баяндамасы негізінде түсіндіреді.

Насихатшы Сталиндік Конституцияның терең интернационализмін, ақырына дейін табанды демократизмін кең айта келіп, Сталиндік Конституция қабылданғаннан кейінгі жердегі еліміздің қол жеткен табыстарын да баяндайды. Насихатшы Отан соғысының советтік мемлекет және қоғам құрылысының қоғамдық ұйымдастырудың ең жақсы формасы екенін көрсеткенін ерекше атап айтуға тиіс. Ол Сталиндік Конституцияның бүкіл дүниежүзілік тарихи маңызын айтқанда, біздің конституциямыз, Сталин жолдастың көрегендігімен болжаранындай, қазір буржуазия елдері халықтарының капиталистік құлдыққа қарсы күресінің программасы болып отырғанын да толық көрсетуге міндетті.

Насихатшы халық демократиясы елдерінің және көп миллиондаған қытай халқының демократиялық және экономикалық өзгерістерін, Герман Демократиялық Республикасы еңбекшілерінің мемлекет құрылысына белсене қатысып отырғанын түсіндіреді. Буржуазиялық демократияның дағдарысқа ұшырағанын, мұның, әсіресе, аттөбеліндей миллионерлер мен миллиардерлер билей-төстеген АҚШ-та айқын көрініп отырғанын сипаттайды.

Әңгімесін аяқтағаннан кейін насихатшы тыңдаушыларға «Қысқаша еуретің» XII тарауының үшінші бөлімін, Сталин жолдастың «ССР Одағының Конституциясының жобасы туралы» баяндамасын оқып конспект жасау жөнінде үйге тапсырма береді.

Үшінші сабақ XII тараудың үшінші

Сталин жолдастың 1937 жылы 11 декабрьде Москва қаласындағы Сталин сайлау округі сайлаушыларының алдында сөйлеген тарихи сөзіне айырықша тоқталады.

1937 жылғы 12 декабрьде өткен ССРО Жоғарғы Советі сайлауының коммунистер мен партияда жоқтар одағының, большевиктер партиясының тамаша жеңісі екенін, халқымыздың саяси-моральдық бірлігінің салтанаты екенін насихатшы атап айтуға тиіс.

Әңгімені аяқтағаннан кейін насихатшы тыңдаушыларға үйге тапсырма береді: 1. XII тараудың төртінші бөлімін оқып, конспект жасау. 2. Сталин жолдастың БК(б)П Орталық Комитетінің февраль-март пленумында жасаған баяндамасын, 1937 жылы 11 декабрьде сайлаушылар алдында сөйлеген сөзін оқу.

Насихатшыға XII тарау бойынша тыңдаушыларға терең мазмұнды ұғым беретіндей болу үшін мына әдебиеттерді оқу ұсынылады.

«БК(б)П тарихының қысқаша курсі», XII-тарау.

И. В. Сталин. — Стахановшылардың бүкілодақтық бірінші кеңесінде сөйлеген сөзі. (Ленинизм мәселелері).

И. В. Сталин — ССР Одағы Конституциясының жобасы туралы (Советтердің Бүкілодақтық Төтенше VIII съезінде жасаған баяндамасы).

И. В. Сталин — Партия жұмысындағы кемшіліктер және троцкисттік және басқа өкілдерді жою шаралары туралы.

И. В. Сталин — Москва қаласындағы Сталин сайлау округі сайлаушыларының алдында 1937 жылы 11 декабрьде сөйлеген сөзі.

«Иосиф Виссарионович Сталин». (Қысқаша өмірбаяны, 10-тарау).

Р. ШАЛЬМАН,

Облыстық партия комитетінің лекторы.

ПАРИЖ, 30 январь
цияның ішінде шығат
бары Тунистегі жағда
кен түрде қалып отыр
ды. «Шамалы саябыр
тық» туралы реакция
піртіп жазуына қара
мегі Туника жаңада
жөнелтіп жатыр.

«Юманите» газетінің
да, Бон ауданында
бейбіт халыққа қарсы
тер жасайды деп хал
«операциялық зона» д
бұл ауданға келу үш
орындары берген арна
тыс.

Француз отаршылар
кісі өлтіргіштік пен т

ЧЕХОСЛОВАКИЯ

ПРАГА, 29 январь.
облысының Наход қал
маниядан Чехословаки
ведкасы жіберген кісі
бына қатысушыларға
сот болды.

Сот айыпкерлер: Ка
зеф Ржезничек, Яросла
зеф Вита өлім жазасы

«ОКТАБРЬ» ки

«ЖАС ПАРТИ

Сеанстар сағат 4-те

ТҮПКІЛІКТІ

Тез арада жүк ти
Еңбек ақы өстеген
төленеді.

Жұмысқа кіремін
телефон арқылы ка
сінік алуына болады

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактор партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілім